

Қазақстан Республикасының жыртқыш құстарын сақтау, қалпына келтіру және пайдаланудың бағдарламасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 1997 жылғы 14 ақпандағы N 219 Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.11.22. N 1239 қаулысымен.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 21 қазандағы Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1993 ж., N 18, 439-құжат) сәйкес жыртқыш құстарды сақтау, қалпына келтіру және өсіп-өрбуінің орнықты жай-күйін қамтамасыз ету және оларды одан әрі ұтымды пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қазақстан Республикасының жыртқыш құстарын сақтау, қалпына келтіру және пайдаланудың қоса беріліп отырған Бағдарламасы бекітілсін.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

1 9 9 7 ж ы л ғ ы 1 4 а қ п а н д а ғ ы

N 2 1 9 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қазақстан Республикасының жыртқыш құстарын
сақтау, қалпына келтіру және пайдаланудың**

БАҒДАРЛАМАСЫ

КІРІСПЕ

Күндіз ұшатын жыртқыш құстардың 39 түрі кездесетін, олардың 33-і ұя салатын қазақстанда, соңғы он жылдықта олардың көпшілігінің саны едәуір қысқарып кетті. Қанаттылардың дәл осы тобы тың жерлерді игеру, орманды кесу, мелиорация және құрғату, қоршаған ортаның ластануы сияқты, олардың салдары - жемшөп базасының қысқаруы сияқты өзгеріс әсерлерінің ықпалына соғұрлым осал болып шықты. 60-шы жылдардың аяғына дейін созылған аңшылық шаруашылықтардың "зиянкестері" ретінде мақсатты түрде қыруы және браконьерлік үлкен роль атқарды. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына күндіз ұшатын жыртқыш құстардың 15 түрі енгізілді. Бірқатар түрлері жойылып кету шебінде қалып отыр және адамның араласуынсыз олардың өсіп-өрбуін қалпына келтіру мүмкін емес.

Биоценоздағы елеулі ролінен басқа, жыртқыш құстар, сонымен бірге, үлкен бөлігінде адамзат үшін жағымды, олар дамып келе жатқан экологиялық туризм үшін бақылау объектісі ретінде өте тартымды, ал бірқатар түрлері: ірі сұңқарлар, бүркіт, тұйғын - қыран құстар ретінде пайдаланылады. Қазақстанда қыран құстармен аң аулаудың мыңдаған жылдық дәстүрі бар және қазір оны жекелеген ынталы адамдар жаңғыртуда; сұңқар салып аң аулау араб Шығысы елдерінде және Еуропаның кейбір жерлерінде кең таралған және келешекте оның кейбір түрлері республика үшін валюта түсімінің көзі болуы да мүмкін.

Қазір қазақстандағы көптеген жыртқыш құстардың өсіп-өрбуінің қатты алаңдатарлық жай-күйін ескере отырып, оларды сақтау мен қалпына келтіру жөнінде кешенді шараларды жүзеге асыру қажет, оның табысты болуы олардың биологиясын терең зерделеуге байланысты.

Көп жылғы перспективаға есептелген осы Бағдарламаның мақсаты Қазақстан халқының мүддесінде олардың ұтымды пайдалануды мүмкін ететін жан жақты ғылыми негіздемелер базасында жыртқыш құстардың өсіп-өрбуін сақтау, қалпына келтіру және орнықты жай-күйін қамтамасыз ету болып табылады.

Аталған мақсатқа қол жеткізу жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру кезінде олардың жай-күйі туралы деректерге сәйкес, ерекше алаңдатарлық жағдайдағы түрлерге бірінші кезекте назар аудару қажет.

Бірінші кезеңде - бұлар: ителгі, бидайық және бүркіт.

Ителгі - Парсы шығанағы елдерінде қыран құстарының неғұрлым құнды түрі. Қазақстанда 1992 жылға дейін оның өсіп-өрбуі салыстырмалы түрде тұрақты болды, бірақ 1992-1994 жылдары олар жойқын аулауға ұшырады, түр аяқ астынан жойылып кету шегінде тұрды. Бидайық Қазақстандағы жыртқыш құстардың ең сирек түрі, оның екі ұясы ғана белгілі. Бүркіт - қазақтардың дәстүрлі қыран құсы, әзірге оның өсіп-өрбуі тұрақты, бірақ олармен аң аулаудың жаңғыруы түрге ерекше назар аударуды талап етеді.

I бөлім. ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТАРДЫҢ САҚТАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мүдделі ұйымдардың қатысуымен "жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының негізінде жыртқыш құстарды қорғау, қалпына келтіру және пайдаланудың барлық жақтарын регламенттейтін арнайы нормативтік құжаттарды әзірлеуі және бекітуі қ а ж е т ;

Қыран құстармен аң аулау ережелері:

Жыртқыш құстарды ырықсыз жағдайда ұстау, өсіру және олармен сауда е р е ж е л е р і ;

Жыртқыш құстардың таралуы мен саны туралы ақпаратты жинау, сақтау

және пайдалану ережелері;

Жабайы аңдар мен құстардың мекендеу ортасына келтірілген зиянның орнын толтыруда залалдың мөлшерін есептеу әдістемесі туралы ережелер.

Жабайы аңдар мен құстардың мекендеу ортасын сақтау мақсатында оларды заңсыз аулағаны үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту туралы ұсыныстар әзірлеу және оны Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізу.

Табиғат қорғау ұйымдары мен басқа да мүдделі ведомстволар үшін жыртқыш құстарды қорғау және пайдалану жөніндегі нормативтік құжаттардың тізбесін жасау және қажет кезінде оларды осы құжаттармен қамтамасыз ету.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Қазақ ССР-інің Кодексіне және ҚазССР-інің Қылмыстық кодексіне сәйкес жыртқыш құстарды (олардың жұмыртқаларын, тұлыбын және сол сияқтылар) табиғаттан ажыратып алуға немесе Қазақстанның шегінен әкетуге заңсыз рұқсат бергені үшін лауазымды адамдарды жауапкершілікке тартуды қамтамасыз ету.

Жыртқыш құстарға қатысты халықаралық конвенцияларды, келісімдерді, шарттарды (Биологиялық әр алуандықты сақтау жөніндегі халықаралық конвенция) бекіту жөніндегі Қазақстан Республикасының міндеттемелерін орындауды және қолданылып жүрген басқа құжаттарға (СИТЕС конвенциясы, Бонн конвенциясы) қосылуды қамтамасыз ету.

Қауіп төнген түрлерді Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына кіргізу және олардың өсіп-өрбуінің жай-күйі туралы қазіргі заманға деректер негізінде олардың санаттарын дер кезінде қарастыру.

II-бөлім. ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТАРДЫ САҚТАУ, ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ ЖӘНЕ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ҒЫЛЫМИ НЕГІЗДЕРІ

Ғылыми зерттеу - жануарлардың түрлерін сақтау және қалпына келтіру жөніндегі шараларды тиімді жүзеге асыру үшін қажетті алғышарт болып табылады. Түрдің жай-күйін болжамдау, жеке түрдің орнықты тіршілік ету қабілеті мен өздігінен қалпына келуін бағалау үшін қорғау, қайта жерсіздендіру жөнінде арнаулы іс-қимылдар қажеттігі туралы, түрлерді пайдалану мүмкіндігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті шектеуші факторлардың барлық сан алуандығын ескере отырып, өсіп-өрбудің санын, бөлінуін, құрылымының өсіп-өрбу деңгейінде әлеуетті және нақтылы өсімталдығын зерттеу. Түрлердің түр тармақтары мен өсіп-өрбуінің құрылымын білмей тұрып, оның жай-күйіне бағытты ықпал ету мүмкін емес. Оларды жүйелі зерделеу табиғи және антропогендік әсерлерге бейімделу тетіктерін бағалауға, қажет болған жағдайда ырықсыз жағдайда өсіруді жөнге салуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында жыртқыш құстар жөніндегі барлық ғылыми зерттеулерді Қазақстан Республикасы Ғылыммині - Ғылым академиясының Зоология және жануарлардың генофонды институты үйлестіреді.

Қазақстан Республикасының аумағында жыртқыш құстар жөнінде ғылыми зерттеулер жүргізетін барлық мемлекеттік, қоғамдық ұйымдар мен жеке адамдар бұл туралы Қазақстан Республикасының экология және биоресурстар министрлігіне және Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Зоология және жануарлардың генофонды институтына хабарлауға, ғылыми бағдарламаларын, ал жұмыстар аяқталғаннан кейін зерттеулердің нәтижелері туралы есеп беруге міндетті. Шетел мамандарының күшімен зерттеулерді орындайтын шетел азаматтары мен ұйымдары, бұдан басқа, мұндай жұмыстарды жүргізуге Қазақстан Республикасы Экология және биоресурстар министрлігінің алдын ала жазбаша түрде рұқсатын алуы қажет. Есептегі жыртқыш құстардың саны, оларға ен салу, сақина салу туралы нақты мәліметтер ақпарат көзі көрсетіле отырып, компьютерлік деректер банкіне е н г і з і л е д і .

Бағдарлама шеңберінде жыртқыш құстар бойынша халықаралық ынтымақтастық пен халықаралық жобаларға қатысу жүзеге асырылады және ж а н - ж а қ т ы қ о л д а у т а б а д ы .

Зерттеу басталғанға дейін: бақылау әдістерін таңдау және ресми түрде қабылдау, санын есепке алу және басқа алға қойылған мақсаттарға байланысты олардың әдістемелік дайындығы, Бағдарламаға қатысушылар үшін оларды бір ізге салу, қажет болған жағдайда жаңа әдістемені пысықтау жүргізіледі.

Әдістемелер жетілдіру және бағдарламаны орындаушылардың біліктілігін көтеру үшін тағлымдамалар, семинарлар және сол сияқтылар ұйымдастырылады.

Жыртқыш құстарды сақтау, қалпына келтіру және ұтымды пайдалану үшін б і р і н ш і к е з е к т е :

жыртқыш құстардың өсіп-өрбуінің қазіргі жай-күйін айқындау мен нақтылау және ерекше қауіп төнген жағдайдағы түрлерді анықтау үшін бірыңғай әдістеме бойынша олардың есебін жүргізу;

түрлердің саны, жай-күйі және түрлерді пайдалану жөніндегі ең жоғары толық кадастрлық мәліметтерді жедел түрде алу және қолданбалы міндеттерді шешу үшін Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Зоология институтында компьютерлік деректер банкін құру;

ғылыми мақсатта ауланған жыртқыш құстардың, сондай-ақ Қызыл кітапқа енгізілген, жазатайым жағдайлардың нәтижесінде мертліккен (ЭБЖ-де өлген, браконьерлерден алынған және сол сияқтылар) және питомниктер мен зоопарктерде мертліккен дербес түрлердің барлық нұсқасы өткізілетін Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Зоология және жануарлардың генофонды институтының базалық орнитологиялық

коллекциясын сақтауға және толықтыруға жәрдемдесу қажет.

Жекелеген түрлерді зерттеу кезінде ұсынылатын мәселелер:

А. Түрдің зерттелуі: әдеби және қорлық деректердің картотекасын құру, коллекциялық материалдардың болуы, жекелеген түр тармақтарының зерттелуі және тағы басқалар.

Б. Түрлердің жүйелену құрылымы:

1. Түр тармақтарының саны мен номенклатурасы, олардың орналасуы.
2. Орналасудың биологиялық, морфологиялық және генетикалық ерекшеліктеріне талдау жасай отырып, түр тармағының құрылымын тексеру.
3. Жақын түрлерді будандастыру, қайта өндіру тетіктерін оқшаулау.
4. Географиялық өсіп-өрбу және шағын өсіп-өрбу, олардың жекелену деңгейі.
5. Түрлер, түр тармақтары және өсіп-өрбу деңгейлеріндегі фонетика.
6. Бір түр тармақтарының саны мен мекендеу тығыздығын қалпына келтіру мүмкіндігі және басқалардың есебінен өсіп-өрбуі.

В. Өсіп-өрбудің саны мен бөлінуі, жай-күйі

1. Өткендегі таралу аймағы бойынша тұтастай және Қазақстан бойынша түрлердің саны мен бөлінуі, олардың өзгеру тенденциялары.
2. Қазақстандағы қазіргі саны мен бөлінуі, ұя салуда тығыздығы жоғары учаскелерді анықтау, таралу аймағының сипаты (біркелкі, теңбілді, жыртынды), өсіп-өрбудің қоршалған болуы, ұшып келу кезі мен қыстамалыққа ұя салу саны.
3. Ұшып келу кезінде, қыстамалыққа бақылау орындарындағы ұя салу саны мен бөлінуінің мониторингі, олардың өзгеру тенденциялары, болжамы.
4. Әртүрлі деңгейдегі антропогендік әсерлерге (тұрақты, төмендеген, қалпына келтіруші) өсіп-өрбудің жыныстық - жас құрылымы, олардың тіршілік ету келешегін бағалау.

Г. Биология

1. Орналасу - ұя, биотопы, ұяның салынуы, оның материалдары және сол сияқтылар, өздері ұя салмайтын жыртқыштар үшін ұя "жасап беруші" түрлер.
2. Ұя учаскелерін қамту, осындай мінез-құлық.
3. Аумақтық және қорғану мінез-құлқы, оның қалыптасуы.
4. Мекендеу тығыздығы, көрші жұптардың арасындағы өзара қарым-қатынас.
5. Отырықшы және ұшып келетін түрлердің ұялық консерватизмі, балапандар мен ересек құстардың дисперсиясы, жұптардың тұрақтылығы.
6. Көбею мерзімдері: ұя қамдау (салу), жұмыртқалау, балапан шығару.
7. Қайта өндіру циклы: ұяға кіріп алу, дайындау (немесе салу) жұмыртқа салу, ұя басу, (ұзақтығы, температуралық режимі, аталығы мен аналығының қатысуы және сол сияқтылар), балапандардың жұмыртқаны жарып шығуы, оларды

азықтандыру (азықтандыру жиілігі, аталығы мен аналығының қатысуы, азықты бөлу, азыққа ұшып бару қашықтығы, жем алу учаскесін қорғау, балапандарын жылыту, олардың өсуі мен жетілуі, ұяда болу ұзақтығы, түлеп ұшуы), түлектің ұядан кейінгі тіршілігі (балапандарды баулу, балапандардың мінез-құлқын қалыптастыру, түлектің өз бетінше кетуі), көбеюдің әртүрлі кезеңіндегі аталығы мен аналығының мінез-құлқы.

8. Көбеюдің өсімталдығы, ойдағыдай болуы, көбею мерзіміне, құстың жасына байланысты ұя салуының көлемі және сол сияқтылар, жұмыртқа салуы, оның себептері, балапандарының үлкендігі, балапандардың ұяда мертігуі, ұяның тағдыры (бұзылу, тастап кету үлесі, басқа да себептермен бүлінуі), қайта ұя салу, көбеюді бастаған құстардың жұптарының ұшып келу саны, өсімталдық және бақылау өсіп-өрбуінің ойдағыдай көбею мониторингі, олардың жай-күйінің болжамы.

9. Азықтану: аулаушылық мінез-құлқы, құстың түріне байланысты тәуліктің азықтану мұқтажы, ересек құстар балапандардың азықтық құрамы, азықтың маусымдық өзгеруі, алатын жемдерінің саны және олардың өсіп-өрбуіне жыртқыштардың әсері және тағы басқалар. Азықтық мамандандыру.

10. Ұшып келу, қоныс аудару және қыстап қалу сипаты: түр тармақтары мен жеке түрлердің отырықшылық деңгейі, ауа райы, азықтық және басқа факторларға байланысты қоныс аударудың мерзімі, бағыты және қарқыны, ұшу кезіндегі және қонатын орындары, Қазақстандағы және оның шегіндегі қыстамалық орындары, қыстап қалатын құстардың тығыздығы жоғары орындары, қыстамалықтағы бөлінуі мен мінез-құлқы, қыстаудың қолайлы болуы, ересек құстар мен балапандардың өлім-жітімі.

11. Тәуліктік белсенділігі, азықтық және суға бару режимі, мінез-құлқының таранып-сылану, ұшып-қону және басқа нысандары.

12. Жыныстық жетілуі, көбею жасы, тіршілік ету ұзақтығы.

Д. Шектеуші факторлар

1. Табиғи: ұя биотоптарының жай-күйі, ұя салу үшін орынның болуы, маусым бойынша азықтық базасының жай-күйі, ұя салатын орыны мен жем үшін бәсекелестері, жаулары, экто және эндопаразиттері мен аурулары, метеорологиялық және басқалар.

2. Антропогендік: адамдардың қырып-жоюы және оның себептері, әртүрлі мақсаттар үшін аулау, үркіту факторы, мекендеу орнының бұзылуы, азықтық базасының бұзылуы, ЭБЖ тіреуінде қырылуы, улы химикаттардан, ауыр металдардан және сол сияқтылардан қырылуы немесе әлсіреуі, түрге қатысты жергілікті дәстүрлер (қыран құстар ретінде пайдалану, ырымшылдық және сол сияқтылар) басқа да тікелей және жанама әсерлер.

Е. Табиғи мекендердің өсімталдығы мен тығыздығын қолдан ұлғайту

мүмкіндігін

зерделеу.

1. Бірінші салған жұмыртқаларын алып қою жолымен қайтадан ұя басуды ынталандыру және оларды табиғатқа қайтаратындай болып көшеттіктерде
б а л а п а н ш ы ғ а р у .

2. Балапанды каинизм (әлі жеткен балапанның әлсіз балапанды жеп қоюы)
қ а т е р і т ө н г е н к е з д е с а қ т а п қ а л у .

3. Ересек құстар мен балапандардың өлім-жітімін азайтуға және өсімталдығын ұлғайту үшін жыл бойына мезгіл-мезгіл қосымша азықтандыру.

4. Ормансыз жерлерде ұяларға негіз болатын жасанды ұя салу құрылғыларының мақсаты және әдістері.

ІІІ бөлім. ЖЫРТҚЫШ ҚҰСТАРДЫҢ ЖЕКЕ ТҮРЛЕРІН САҚТАУ ЖӘНЕ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРУ

Осы бөлімнің шаралары, жан-жақты ғылыми-теориялық негіздемелер негізінде жүзеге асырылатын бағдарламаның басты мақсатын шешуге - Қазақстан Республикасының жыртқыш құстарын сақтау және қалпына келтіруге бейімделген. Әрбір түр (түрлер тобы) үшін олардың сақтаудың қажетті шаралары таңдап алынады, олардың кезектілігі мен басымдылығы айқындалады.

О с ы Б а ғ д а р л а м а ш е ң б е р і н д е :

олардың жай-күйін, экологиясы мен этологиясын шектеуші факторларды жан-жақты зерделеу негізінде, бірінші кезекте, жасырын аулауға ұшыраған - ителгі, бидайық, бүркіт сияқты сирек кездесетін қыран жыртқыш құстарға назар аударып отырып, өсіп-өрбуді, түр тармақтарын, түрлерді сақтау мен қалпына келтірудің стратегиясы мен тактикасын әзірлеу;

қорғалатын аумақтарда (қорықтарда, қорғалымдарда, ұлттық парктерде, мемлекеттік және оған тіркелген аңшылық шаруашылықтарында) жыртқыш құстардың сирек және жоғалып бара жатқан түрлерінің ұя салуын анықтау және жыл сайын есепке алуды жөнге салу;

ерекше қорғалатын аймақтардың шегінде күзетті күшейту және жаңа объектілерді - шағын қорықтарды, шағын қорғалымдарды, маусымдық қорғалымдарды, мекендеу тығыздығы жоғары учаскелерде немесе жекелеген ұяларда, сондай-ақ құстардың қоныс аудару және қыстап қалу кезіндегі шоғырланатын орындарында табиғат ескерткіштерін құруды қамтамасыз ету;

жыртқыш құстардың ұя салу және күздегі қайту кезеңдеріндегі жұмыстар үшін жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі инспекциялардың жанынан арнайы
о т р ы а д т а р қ ұ р у ;

ұялардың орналасу және ірі сұңқарлар мен бүркіттің шоғырланған орындары туралы дәл деректерді ашық баспасөзде жариялауға тыйым салу;

Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясының Зоология және жануарлардың генофонды институтымен басқа да ұйымдардан

сарапшыларды шарттық негізде тарта отырып, жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі мемлекеттік бақылау органдарына консультативтік әдістемелік және жыртқыш құстарды заңсыз аулау мен контрабандаға байланысты мәселелер бойынша құқық қорғау және кеден органдарына сараптамалық көмек көрсету;

қажет болған жағдайда ғылыми негіздемелер негізінде биотехникалық шаралар жүргізу (ұя платформаларының құрылғысы, қосымша азықтандыру және сол сияқтылар);

табиғат қорғау заңдарына сәйкес жыртқыш құстарды қорғауда мемлекеттік бақылау органдарына көмек көрсеткен азаматтарды көтермелеу; жыртқыш құстарды насихаттауды жүргізу көзделеді.

Халықтың тарапынан қолдау таппай, ұлттық дәстүрлерді ескере отырып адамдардың жыртқыш құстарға деген ұқыпты көзқарасын қалыптастырмай, ең соңында олар туралы қарапайым білім алмай жыртқыш құстарды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі қабылданған барлық шаралар тиісінше табысты болмайды. Әсіресе, жыртқыштар тіршілік ететін жерлерде өмір сүретін немесе қызмет түрі бойынша оларға жанасатын адамдар, ерекше қорғалатын және фондық түрлерді танып-білуге, олардың тіршілік ету орындарына қойылатын талаптарды, биоцензадағы ролін, оларға не қауіп төндіретіндігін және оларды сақтау үшін қандай шаралар қолданылатындығын, оларды қорғау жөніндегі заңдарды бұзған үшін жауапкершілік шаралары туралы білуге тиіс. Сондықтан да мемлекеттік атқарушы органдар мен басшы ұйымдар қолдау көрсетіп отырған, халықты нысаналы түрде экология жағынан ағарту жөніндегі бірқатар мәселелер қойылуда және оған мыналар кіреді:

- а) кинофильмдер, теле және радио хабарлар жасау;
- б) плакаттар, открыткалар, күнтізбелер басып шығару, почта маркаларын, конверттер және сол сияқтыларды шығару;
- в) жыртқыш құстардың далалық суретті айқындағыштарын басып шығару;
- г) республиканың зоопарктерінде, табиғат музейлері мен өлке тану музейлерінде тақырыптық экспозициялар жасау;
- д) дәрістік насихаттау;
- е) жыртқыш құстарға арналған фотосуреттер, бейнелеу өнері, әдеби көрмелер ұйымдастыру;
- ж) жыртқыш құстардың жекелеген түрлеріне (түрлердің тобына) арналған насихаттық науқандар ұйымдастыру;
- з) тұрақты түрде ғылыми-практикалық конференциялар өткізу;
- и) табиғат қорғау, бақылау қызметтері қызметкерлері мен аңшылықты пайдаланушылар үшін әдістемелік құралдар мен нормативтік құжаттардың жинақтарын басып шығару.

IV бөлім. ЫРЫҚСЫЗ ЖАҒДАЙДА КӨБЕЙТУ ЖӘНЕ ҚАЙТА ЖЕРСІЗДЕНДІРУ

Қыран құстарды және әсіресе сирек кездесетін жыртқыш құстарды ырықсыз жағдайда көбейтуді ұйымдастыру - олардың табиғи өсіп-өрбуіне залал келтірмей әртүрлі мақсатқа пайдалануды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, оларды сақтау жөніндегі шаралар кешенінің маңызды құрамдас бөлігі. Одан басқа, егер түрлердің санын табиғи жолмен қалпына келтіру қиындыққа түссе немесе мүмкін болмаса "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-22 баптарына сәйкес реинтродукция - ырықсыз жағдайда өсірілген құстарды табиғатқа қайтару қ о л д а н ы л а д ы .

Осыны негізге алып, мыналар жүзеге асырылады:

Сирек кездесетін және қыран құстарды көбейту жөніндегі жұмыс істейтін питомниктердің қызметін, осы бағыттағы зоопарктердің қызметін жан-жақты қолдау және жаңаларын құру, оларға аналық басты жаңарту үшін одан әрі қайта жерсіздендіру және ырықсыз жағдайда көбейту үшін жыртқыш құстардың шектеулі санын алуға белгіленген тәртіпте рұқсат бере отырып, жоғарыда аталған Заңның 37-бабына сәйкес, олар үшін салық жеңілдіктерін белгілеу.

Питомниктердің, зоопарктердің қызметіне, олардың міндетті түрде тұқыммал кітабын жүргізуіне, олардың түсіп қалмайтын сақиналардың, шағын транспортерлердің көмегімен құстарды даралап талдауды, табанның (флоидозын) қыртыстануын сипаттауды қамтамасыз етуіне мемлекеттік бақылау жасау. Жыртқыш құстарды ырықсыз жағдайда ұстау-өсіру және оларды сату Ережелеріне сәйкес, табиғаттан заңсыз ажыратып алынған дербес түрлердің питомниктер арқылы ресмилену мүмкіндігін болдырмау үшін басқа да шаралар қ о л д а н у .

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі арнайы уәкілеттік берілген органдардың, айырбастаудың және басқа да заңсыз операциялардың болдырмау үшін Қазақстандағы зоопарктерде, питомниктерде және жеке адамдарда ұсталатын, әрбір құстың флоидозының сипатталуы мен тіркелуін және төлқұжатын рәсімдей отырып, барлық ірі сұңқарлардың және бүркіттің (ителгі, бидайық, лашын, сұңқар және басқалар) бас санына жыл сайын түгендеу ж ү р г і з е д і .

Ырықсыз жағдайда көбейту, өсімталдығын қолдан ұлғайту, қалыпты импринтингін қалыптастыру әдістерін пысықтау.

Қайта жерсіздендіруді теориялық жағынан негіздеу және ол үшін учаскелерді т а ң д а п а л у .

Қайта жерсіздендіру әдістерін пысықтау: қайта жерсіздендірілген құстардың жасы, шығаруға немесе ұя салуға дайындау, қосымша азықтандыру және сол

с и я қ т ы л а р .

Қайта жерсіздендірудің табысты болуын, ырықсыз жағдайда өсірілген құстардың табиғи көбею қабілетін, олардың табиғаттағы өсімталдығын анықтау.

Отырықшы және ұшып келетін түр тармақтары мен жеке түрлердің отырықшылықты тұқым қуалау себептілігі мен қалпына келу ерекшеліктерін з е р д е л е у .

Өсірілген құстардың қажетті генетикалық тазалық деңгейін, будандарды шығарудың мақсатты сәйкестігін, олардың өсімталдығын анықтау.

Қайта жерсіздендірудің бақылау өсіп-өрбуінің жай-күйі мен құрылымына әсерін зерделеу.

Ү б ө л і м . Ж Ы Р Т Қ Ы Ш Қ У С Т А Р Д Ы П А Й Д А Л А Н У

Жыртқыш құстарды пайдаланудың негізгі бағыты - Қазақстан аумағында мыңдаған жылдар бойы белгілі қыран құстармен аң аулаудың ұлттық дәстүрін жаңғырту. Бұл орайда жыртқыш құстардың табиғи өсіп-өрбуіне зиян келтіруге жол бермеуді негізге алған жөн және тек осындай жағдайда ғана жыртқыш құстарды басқа, соның ішінде мәдени ағарту мақсаттарына пайдалану жолына әзірлікті жүргізу орынды болады.

Қыран құстардың сирек түрлері - ірі сұңқарлар мен бүркіттер үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша айрықша және "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабына қатаң сәйкестікте оларды пайдаланудың ерекше тәртібі мен оларға бақылау жасау белгіленеді.

1. Қыран құстармен аң аулау:

а) жыртқыш құстардың табиғи өсіп-өрбуіне залал келтірмеу мақсатында құқық қорғау органдарының тарапынан олардың қызметіне тұрақты түрде бақылау жасаумен, Қазақстанда қыран құстармен аң аулауды жаңғыртатын клубтарды, ассоциациялар мен басқа да қоғамдық бірлестіктерді және ұйымдарды құруға және олардың қызметіне қолдау көрсету;

б) осы клубтарда және сол сияқтыларда қыран құстармен аң аулайтын әуесқойлардың дайындығын және біліктілігін жетілдіруді ұйымдастыру;

в) аңшыларға ырықсыз жағдайда өсірілген қыран құстарды пайдалануға б а ғ д а р б е р у ;

г) жануарлар дүниесін басқарудың арнайы уәкілеттігі берілген мемлекеттік органдар мүдделі ұйымдармен бірлесіп жыртқыш құстарды Қазақстанға әкелудің және одан әкетудің тәртібін әзірлеу;

2. Қазақстан жағдайында жыртқыш құстарды пайдаланудың аэродромдарда құстарды үркіту, элеваторларды кептерлерден қорғау және сол сияқтылар үшін басқа да мүмкін жолдарын зерделеу.

3. Қыран құстардың орнықты өсіп-өрбуін шектеуді пайдалану мүмкіндігін

з е р д е л е у :

а) сынамалық шектеулі аулау учаскелер бөлу, өсіп-өрбудің қазіргі жай-күйін және оның өзгеруінің тенденцияларын айқындағаннан кейін ғана жүргізіледі, аулау квотасы ғылыми-зерттеу базасында ғана айқындалады. Құстарды ажыратып алу, әдетте көбею аудандары мен маусымынан тысқары, жоғары интенсивті тұрақты ұшуы білінген орындарда жүргізіледі, оларды аулау лицензиясы заңмен белгіленген тәртіпте беріледі және Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы Зоология және жануарлардың генофонды институтының бірлескен бақылауымен ғана қ о л д а н ы л а д ы ;

б) аулауды тек қана алдын ала түскен тапсырыстар бойынша білікті аулаушылар жүргізеді, ұсталған құстар тіркелген питомниктерде немесе зоопарктерде ұсталады және содан кейін ғана "Жыртқыш құстарды ырықсыз жағдайда ұстау, өсіру және оларды сату ережелеріне" сәйкес, аңшыларға беріледі (немесе көбею үшін қалдыра тұрады);

в) аулаудың әртүрлі әдістерінің құс денсаулығының жай-күйіне әсерін зерделеу, аң аулау маусымы аяқталғаннан кейін шығарылатын қыран құстардың т а ғ д ы р ы н а н ы қ т а у ;

г) ажыратып алудың бақылаулық өсіп-өрбудің саны мен құрылымына әсерін тұрақты түрде анықтау, оның дербес түрдің ұядағы және ұядан тысқары кезеңдердегі жалпы өлім-жітімінде үлес салмағын айқындау, оның бұдан арғы мүмкіндігі мен мақсатқа сәйкестігі туралы қорытынды беру.

4. Жыртқыш құстарды мәдени-ағарту (мұражайлар үшін), ойын-сауық және басқа да шараларға пайдалану кезінде, оларды табиғаттан алудан жалтарып, ырықсыз жағдайда өсірілген немесе ырықсыз түрде ұсталған дербес түрлерді басым пайдалану.

ҮІ бөлім. БАҒДАРЛАМАНЫ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

Бағдарламаны жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды қаржыландыру Республикалық қоршаған ортаны қорғау қоры қаражатының және бюджетте ғылыми зерттеулерге көзделген қаражаттың есебінен, сондай-ақ халықаралық қорлардың гранттары есебінен жүзеге асырылады.

ЕСКЕРТУ. ҮІ-бөлім өзгерді - ҚРҰ-нің 1998.05.14. N 434 қаулысымен.